

## Театр үйірмесінің бағдарламасы мен тақырыптық жұмыс жоспары

1. Мақсаты: оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;
  - оқырмандық, көрермендік талғамды қалыптастыру;
  - ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
2. Міндеті:
  - әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән - мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу;
  - көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;
  - жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
  - актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.
3. Жаңашылдығы:
  - бағдарламада театрлық-ойын әрекетінің құралдары жүйеленген, балалар шығармашылығының түрлі жанрлары театрлық көрініске ену арқылы іске асуына негізделген.

### Кіріспе.

Оқушылардың тілі мен ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Сөздің сырын түсінуге қалай үйрету керек? Әлемді тануға, елгезектік пен қайырымдылық, біреудің қайғысына ортақтаса білу мен барлық тіршілік иесін жақсы көруге қалай үйрету керек? Эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып-қымтырылудан арылу мен сөзді, образды сезіне білу мен кейіпкерге ене білуді үйренудің ең дұрыс жолы - бұл ойын қиялдау мен құрастыра білу. Мұның барлығын да театрландырылған үйірме бере алады. Аталмыш бағдарламада балалар театры тек қана көркемдік нәтижеге жету құралы, яғни спектакль қою ретінде ғана қарастырылмайды. Сонымен қатар, театр өнерімен шұғылдану оқушылардың ойлау қабілеті мен таным қызығушылығын белсендіруі, қиялы мен елесін оятуы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын оятуы өте маңызды. Үйірмеде балалар назары мәселені өздері қоюға, ойлану мен жетекші көрсетіп берген бағытта өздік жұмыстарын дамытуға, таным қабілеттерін дамытуға бағытталады. Олар тапсырманы орындауда жеке, ұжымдық жұмыстарды жасай отырып, қажетті құралдар мен әдіс-тәсілдерді өздері таңдайды. Сенімділік, оқушылар мен жетекшінің біріккен қызметі, дидактикалық материалмен бірігіп жұмыс жасау, өнердің басқа түрлерімен байланыс, бәрі- оқушының жеке тұлғасының дамуына әсер етеді.

Театрдың қандай түрлері бар? (Күбірлік, драмалық, опер, балет, музыкалық комедиялар т.б.)

Театр қобалықтары (спектакль, жри) қалай жасайды?

Түсінігі болды

1. Сөздің негізгі техникалық құралдары жөнінде

2. Сөздің белсенділігі жөнінде

3. Сөздің көрермен залында өзін-өзі ұстау ережелі туралы

Үйренеді!



## Түсінік хат

Үйірме бағдарламасы жоғары сыныптардағы оқушылардың екі жылдық жұмыс жоспарына сай есептеліп жасалған. Үйірме - бұл мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталған. Үйірменің өз жұмыс мақсаты мен міндеттері бар. Сезіну, елестету, көру, тапсырманы орындау, содан соң ізденімпаздықты ұйымдастыру - жетекшінің тілеген әрекеттері міне, осылар. Оқушының үйірмеге ұмтылысын күшейтетін нәрселер - өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру. Үйірме жұмысы үнемі өз жұмысын талдаумен, өз әсерімен бөлісумен аяқталып отырады. Үйірме жұмысы бірнеше бөлімдерден құралған бағдарламадан тұрады. «Сөйлеу мәдениеті мен техникасы» бөлімінде тыныс алу, сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс жасауына бағытталған жаттығулар мен ойындар жүргізіледі. Сондай-ақ, нақты мәнер мен ойлау, орфоэпиялық заңдылықтар түсіндіріледі. Бөлімге байланыс қабілетін дамытатын, қысқаша ертегілер мен әңгімелер құрауға үйренетін, қарапайым іс-әрекеттерді таңдай білетін сөздік ойындар енгізілген. Келесі «Сымбат пен мүсін икемділігі» бөлімінде баланың қозғалыс қабілеттерін, дене әрекетінің әдемі қимыл қозғалысын, оқу күшін жеңілдетуге бағытталған дамыту ойындары мен жаттығу жұмыстары жүргізіледі. «Театральдық ойын» бөлімінде оқушының тек қана кәсіби шеберлігін дамыту қарастырылмайды, сондай-ақ, ойын әрекетіндегі эстетикалық сезімін дамыту, құрдастары мен үлкендер түрлі жағдаяттар арасында өзін дұрыс ұстай білу тәртібі үйретіледі. «Әдеп пен мәдениет» бөлімінде оқушылардың өмірдің мәні мен құндылықтарын түсіну, жалпы адамзаттық бағалы қасиеттерді ұғыну, сөйлесу мәдениеті мен өзін ұстай білу әдебін, эстетикалық мәдениетті (талғамы бар оқырман, көрермен бола білуге) білу үйретіледі. Үйірменің жұмыс кестесі жоғары сыныпқа аптасына бір рет жүргізіледі.

### Күтілетін нәтижелер:

Оқу жылының аяғына қарай оқушы:

Біледі:

1. Театр деген не?
2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді?
3. Театр неден пайда болды?  
Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)
4. Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

Түсінігі болады

1. Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
2. Сахнаның безендірілуі жөнінде
3. Сахна мен көрермен залында өзін - өзі ұстау ережелі туралы

Үйренеді:

1. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
2. Бейнелі ойлауды
3. Назарын аудара білуді
4. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

1. Кейіпкермен (сыныптастармен) сөйлесу
2. Қарапайым актер шеберлігі
3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
5. Ұжыммен жұмыс

Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан, қоғамнан қорқудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

		Сыртқалық	Мерізі
		1	8.09.2023
		1	15.09.2023
		1	20.09.2023
		1	6.10.2023
		1	13.10.2023
		1	20.10.2023
		1	27.10.2023
		1	10.11.2023
		1	17.11.2023
		1	24.11.2023
		1	1.12.2023
		1	8.12.2023
		1	15.12.2023



## «Театр» үйірмесінің жылдық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
<b>I жартыжылдық</b>			
1	Кіріспе. Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйірмеге қатысушылардың тізімін жасау.	1	8.09.2023
<i>Сөйлеу мәдениеті мен техникасы</i>			
2	Назар аударуды дамыту ойындары.	1	15.09.2023
3	Түрлі әңгімелерден рольдік ойындарға этюдтер жасау.	1	22.09.2023
<i>Сымбаттылық, икемділік</i>			
4	Психофизикалық тренинг, этюдке дайындық. Сымбат пен жүріс әсемдігін меңгеру.	1	29.09.2023
<i>Театральдық ойын</i>			
5	Театр құрылымымен, оның негізгі мамандары: актер, режиссер, сценарист, суретші, гримермен танысу. Сахналық этюд «Театр мамандарын» үйрену.	1	6.10.2023
6	Грим техникасы. Гримнің және гримдегі техникалық құралдардың гигиенасы. Жалпы рең берудің әдістері.	1	13.10.2023
7	Ертегінің сценариімен танысып үйрену. («Қызыл телпек» ертегісінің жаңа нұсқасы мазмұны желісімен).	1	20.10.2023
8	Рольдегілердің мінез-құлық, түр, түс ерекшелігіне (сыртқы бейнесі мен дауыс мәнерін және т.б. ескере отырып) қарай соған сай келетін оқушыларды рольдерге бөлу. Ертегіні мәнерлеп оқу.	1	27.10.2023
9	Қажетті жағдайларды баяндау, әр кейіпкердің сахнадағы өзін-өзі ұстау ерекшеліктеріне тоқталу. Кейіпкерлер костюмі, сахнаның безендірілуі, сахналық қосымша әрлегіш құралдар (музыкалық фон, дыбыстық құралдар т.б) түсіндіру. Костюмдер мен безендірулерді дайындауға көмек көрсету.	1	10.11.2023
10	Көріністердегі рольдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	1	17.11.2023
11	Қойылымның мазмұнын ашуға сай келетін музыка таңдау. Дайындық жұмысы.	1	24.11.2023
12	Костюмдермен, безендірумен, музыкалық қосымшамен бірге күрделі дайындық жұмысын жүргізу.	1	1.12.2023
13	Қойылымды оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер алдында қою.	1	8.12.2023
14	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен бірге талдау жұмысы (келесіде қайталанбауға тиісті жіберілген кемшіліктері). Іс-	1	15.12.2023



	әрекетті талдау (Қойылыммен жұмыс жасау қызықты болды ма, оның қажеттілігі болды ма, ұжыммен бірге әрі қарай не жасайтындығына - келесі іске ұжымдық жоспар құру)		10.05.2024
<i>Әдеп пен мәдениет</i>			
15	Әдептің жалпы адам мәдениетімен байланысы Адамның бір-біріне сыйластығы, жер табиғатына, Отанға, балалық шаққа, кәрілікке, ата-анаға, нанға, білімге, өз-өзіне және барлық білмейтін нәрсеге сыйластық қарым-қатынас.	1	22.12.2023
16	«Адам - ұлы құндылық» тақырыбында өз жақындарының суреттерімен әңгіме құрау. («Әлемде қызықсыз адам жоқ»)	1	12.01.2024
17	«Әдеп пен мәдениет» тақырыбында шығармалармен танысу.	1	19.01.2024
<b>II жартыжылдық</b>			
<i>Сөйлеу мәдениеті мен техникасы</i>			
18	Тыныс алуды дамыту мен сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс істеуіне бағытталған ойындар мен жаттығулар	1	26.01.2024
<i>Театральдық ойын</i>			
19	Мәтіндегі ойға сөздік іс-әрекет. Сөйлеу мен дене әрекеті (дене мен сөйлеу жұмыстарын елестету, жасау, ой қимыл икемділігі арқылы ашылады)	1	2.02.2024
20	Байқау қабілетін дамыту. (Өз бақылауы негізінде этюд көрсету. Адам мінезін, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын түсіну мен түсіндіру).	1	9.02.2024
21	Күрделі суретпен жұмыс жасап үйрену және елестеру қабілетін дамыту («жағымсыз бейнелер»).	1	16.02.2024
22	Кейіпкермен жұмыс. Бет әлпет мимикасымен жұмыс жасау, талдау. Шаш үлгісі мен париктер.	1	23.02.2024
23	«Мақта қыз бен мысық» ертегісінің сценариймен танысу	1	1.03.2024
24	Оқушыларды бет-әлпет, мінез-құлық, дауыс мәнері ерекшеліктеріне қарай рольдерге бөлу. (сырт бейнесі, және т.б. сай келуі ескеріледі. Жекелеген көріністермен дайындық.	1	15.03.2024
25	Ұсынылатын, қажетті жағдайларды ұйымдастыру, әр кейіпкердің сахнадағы жүріс-тұрыс ерекшелігіне тоқталу. Сахналық безендірулер мен костюмдер, музыкалық әрлеу туралы әңгімелеу.	1	5.04.2024
26	Сахналық безендірумен, костюмдермен, музыкалық әрлеумен бірге күрделі дайындық жұмысы.	1	12.04.2024
27	Көрермен алдында сахналау	1	19.04.2024
28	Сахналанған қойылымды талдау	1	26.04.2024
<i>Театральдық ойын</i>			
29	Диалог – жануарларға дыбыстық еліктеу мен олардың дыбысын салу. (Әтеш –тауық, шошқа –	1	3.05.2024

	сиыр, арыстан – қой, ит- мысық, екі маймыл, үлкен ит- кіші ит)		
30	Қарама -қарсылыққа арналған, затсыз этюдтер (2 адам, сахна екіге бөлінген) «Сынған фотоаппарат», «Дыбыстық ойындар», «Көрінбейтін кейіпкермен телефонмен сөйлесу» этюдтері. (1 адам)	1	10.05.2024
31	Кейіпкермен жұмыс. Ертегідегі гримдер .	1	17.05.2024
32	Жұмысты талдау. (Оң, теріс жақтары). Бір жылдың жұмысын талдау.	1	24.05.2024

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Искакова И.И. «Режиссура» мамандығының студенттеріне «Сахна тілі» пәнін оқытудың ерекшеліктері. Дәріс.
2. Утепова А. Қ. «Сахнадағы тіл тазалығы, анық сөйлеудің әдіс-тәсілдері»
3. Ахметов З. «Өлең өрнегі» Мектеп, 1976.
4. Қабдолов З. «Сөз өнері» Мектеп, 1976.
5. Байсеркеұлы М. Сахна және актер. Оқу құралы. Алматы, 1993.
6. Тұранқұлова Д. Сахна тілі. Оқу құралы, А., 1999.
7. Токпанов А.Т. Бүгінгі күнге дейін. Оқу құралы. А., 1976.
8. Васильев Ю.А. «Сценическая речь», С-Петербург, 2005
9. Халық ертегілері.
10. Көркем шығармалар

Орындады Сулайрова А.С.  
Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі

Талдау жұмысы  
2023-2024 оқу жылы



«Қаралды»  
№1 педкөенес « » тамыз 2023-ж

«Бекітемін»  
Талдысай ЖОББМ директоры  
С.Б.Биртаева



## Тақырыбы:

«Театр» үйірмесі

Орындады: Сулиқова А О  
Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі

Талдысай ЖОББМ  
2023-2024 оқу жылы